

**МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы**

**2023-2024 оқу жылына арналған ата-анамен  
жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары**



№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі:  
**Ш.Т.Жусупова**

### Қоғам және ата-ана тәрбиесі

**Мақсаты:** Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, ұжымның алдында тұрған қазіргі таңдағы тәрбиенің міндеттерін бірігіп шешу.

Айы	Тақырыптары	Өткізілу түрі	Жауаптылар
Қыркүйек	«Бір жасқа біз есейдік»  «Балабақша жұмысы туралы ойыңыз»  Топтық ата-аналар жиналысы	Жалпы ата-аналар жиналысы  Сауалнама  Ата-аналарға арналған кеңес	Әкімшілік, барлық педагогтар, әдіскер, психолог
Қазан	«Сап-сары жапырақтар» барлық топтар  «Күз сыйлықтары»	Ертеңгіліктер  Ата-аналар мен балалардың бірлескен көрмесі	Муз.жетекшісі, барлық педагогтар  Барлық топтар
Қараша	«Отбасы – бала – балабақша»  «Тұмау. Тұмаудың алдын-алу, оның емделу жолдары» жадынамалар тарату  Ата-аналар арасында белсенді ата-аналар тобын құру: түрлі клубтар ашуға дайындық жүргізу.	Ақыл-кеңес  Ақыл-кеңес, жадынама  Дөңгелек үстел	Психолог  Медбике  Әдіскер Тәрбиешілер

Желтоқсан	<p>«Президент күні» тақырыптық сағаттар</p> <p>«Тәуелсіздігім – тұғырым»</p> <p>Жаңа жылды қарсы алу</p> <p>«Отбасын педагогикалық-психологиялық қолдау және МДҰ-да баланың дамуын жүзеге асыру жағдайында ата-ана құзыреттілігін арттыру»</p> <p>Топтық ата-аналар жиналысы</p>	<p>Фотокөрме</p> <p>Мерекелік ертеңгіліктер</p> <p>Мерекелік шараларды ұйымдастыру және ондағы қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау</p> <p>Жалпы ата-аналар жиналысы</p>	<p>Әкімшілік, барлық педагогтар</p> <p>Сауалнама «Балаңызға қандай ойындар ұнайды?»</p> <p>Сауалнама «Ата-ана көзімен балабақша жетістіктері»</p>
Қаңтар	<p>Өлкетану бұрышын дайындау, жабдықтау</p> <p>«Мен елімді сүйемін...» тақырыбында альбом бастау, қажетті материалдарды жинақтау</p>	<p>«Ұлттық жәдігерлер» акциясын өткізу</p> <p>Фотоальбом материалдарын жинақтау</p>	<p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Ата-аналар</p>
Ақпан	<p>Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмысының бағытын тереңдету: қаламыздың тарихи жерлеріне экскурсия жасау, ата-анамен дөңгелек үстел жүргізу</p>	<p>Бірлескен жұмыс</p>	<p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Ата-аналар</p>

Наурыз	<p>«Анашым, құтты болсын мерекен!»</p> <p>«Наурыз тойын бірге тойлайық!»</p> <p>Ашық есік күндері</p>	<p>Мерекелік ертеңгілік</p> <p>Наурыз тойын ата-аналармен бірігіп тойлау</p> <p>Ата-аналарға арналған кеңес</p>	<p>Барлық педагогтар мен ата-аналар</p> <p>«Қош келдіңіздер!»</p>
Сәуір	<p>«Жер – ана қамқоршымыз»</p>	<p>Көктемгі ағаш отырғызулар мен сенбіліктер</p>	<p>Әкімшілік, барлық тәрбиешілер</p>
Мамыр	<p>«Жыл бойы жұмысқа қорытынды жасау»</p> <p>Топтық ата-аналар жиналысы</p>	<p>Жалпы ата-аналар жиналысы</p> <p>Ата-аналарға арналған кеңес</p>	<p>Сауалнама «Балаңыз мектепке дайын ба?»</p> <p>«Көктемгі эстафеталық ойындар»</p> <p>«Гүлзар патшалығында» акциясы</p>

## Ата-аналар комитетінің жылдық жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.	Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Қыркүйек	Комитет төрайымы
2.	Ата-аналар комитетінің отырысын өткізу, хаттамасын толтыру		Комитет хатшысы
3.	Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарымен танысу		Комитет мүшелері
4.	Ата-аналардың азық-түлік төлемақысының мөлшерін, балабақша әкімшілігімен келісім-шартқа отыруын бақылау		Әкімшілік Комитет мүшелері
5.	Ойын алаңдары, ойын бөлмелерінің безендіру істеріне ата-аналарды ұйымдастыру	Өз мерзімі	Педагогтар, комитет төрайымы
6.	Азық-түлік сапасын, дайын өнімнің сапасын қадағалау	Ай сайын	Әкімшілік, төрайымы
7.	Балабақша санитарлық тазалығын бақылау	Үнемі	Әкімшілік, комитет төрайымы
8.	Ас мәзірін бақылау	Үнемі	Әкімшілік, комитет төрайымы
9.	Сенбіліктер, балабақшаның жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру	Қазан Мамыр	Комитет
10.	Ашық есік күндерін ұйымдастыру	Жоспарға сай	Әкімшілік, комитет төрайымы
11.	Ата-аналарға арналған «Салауатты өмір салты, ата-аналар, балалар, бала денсаулығы» семинарларға қатыстыру	Жоспарға сай	Педагогтар, комитет төрайымы
12.	Ертеңгіліктерге, мерекелік кештерге қатысу	Жоспарға сай	Комитет
13.	Балалармен бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрлеріне қатысу	Жоспарға сай	Ата-аналар

14.	Ата-аналарды марапаттау және қолдау, «Үлгілі ата-ана», «Белсенді отбасы» т.б.	Мамыр	Педагогтар
15.	Балабақша жарғысына сәйкес ата-аналардың міндеттері мен құқықтарының орындалуын бақылау	Үнемі	Комитет
16.	Балабақша әкімшілігімен бірлесе отырып, материалдық-техникалық базаның нығаюына ықпал ету	Үнемі	Комитет төрайымы
17.	Ата – аналар комитеті жұмысының есебі	Жыл соңында	Комитет төрайымы
18.	Комитет жұмысының қажетті құжаттарын толықтыру, жинақтау	Жыл соңында	Комитет хатшысы, мүшелері

### Жалпы ата-аналар жиналысы

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	<p>1. «Бір жасқа біз есейдік» Жаңа оқу жылына балабақша мен топтың дайындығы</p> <p>2. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстыру</p> <p>Ата – аналар комитетін сайлау</p> <p>3. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»</p> <p>4. «Бөбекжай туралы ойыңыз?» сауалнама</p> <p>5. Медбике кеңесі</p>	Қыркүйек	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Психолог</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Медбике</p>
2.	<p>1. «Отбасын педагогикалық-психологиялық қолдау және МДҰ-да баланың дамуын жүзеге асыру жағдайында ата-ана құзыреттілігін арттыру»</p> <p>2. «Ұрпақ болашағы тәрбие мен білімде»</p> <p>3. Психолог кеңесі</p> <p>4. Медбике кеңесі</p>	Желтоқсан	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Психолог</p> <p>Медбике</p>
3.	<p>1. Оқу жылына қорытынды жасау</p> <p>2. Жазғы мезгіл жұмыс жоспарымен таныстыру</p> <p>3. Ата-аналар комитетінің есебі</p> <p>4. Жаз мезгіліндегі сауықтыру шаралары</p> <p>5. Ата-аналардың жауапкершіліктері мен міндеттері</p>	Мамыр	<p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Психолог</p> <p>Ата-аналар комитеті</p> <p>Медбике</p>

### Күнделікті ата-анамен жүргізілетін жұмыстар

1. Кеңестер
2. Әңгімелесу
3. Жылжымалы папкілер
4. Көрнекі құралдар
5. Педагогикалық әдебиеттер
6. Мерекелер
7. Ашық қаралымдар
8. Психолог кеңестері

Бекітемін  
Меңгеруші



Жусупова Ш.Т.

«№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-н ата – аналар  
комитетінің тізімі  
2023 – 2024 оқу жылы

№	Топ атауы	Ата-ана комитетінің аты - жөні
1	«Құлыншақ» кіші тобы	Аманбаева Зарина
2	«Балапан» ортаңғы тобы	Омарғалиева Данна
3	«Ботақан» ортаңғы тобы	Утегенова Ильмира
4	«Көбелектер» ересек тобы	Скак Гульжанат
5	«Бөбек» ересек тобы	Құдайбергенова Камшат
6	«Күншуақ» ересек тобы	Жартыбаева Гульжанат
7	«Солнышко» ересек тобы	Койлыбаева Жулдыз
8	«Балақай» ересек тобы	Сүлейменова Дина
9	«Смешарики» ересек тобы	Прыткова Юлия
10	«Балдаурен» м.а.д. тобы	Сарышева Аруназ
11	«Семицветик» м.а.д. тобы	Кайратова Алия
12	«Жұлдыз» м.а.д. тобы	Молдагазина Нурсулу
13	«Қарлығаш» м.а.д. тобы	Омарова Гульнур

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

## «Аналар мектебінің» өткізген семинары



2023-2024 оқу жылы

**Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балабақша өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

**Әдіс-тәсілдері:** шаттық шеңбері, тренинг, ойындар, әңгімелесу, түсіндіру, пікір талас, сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер:** лента, бояулар, суреттер

**Жүру барысы:** Құрметті ана-аналар, апайлар бүгінгі «Ата-анамен балабақша бірлестігі» атты жиналысқа қош келдіңіздер! Сіздерді жаңа оқу жылымын шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі күні алдымызда томпаңдап жүгіріп жүрген балаларымыздың ертеңгі күні жарқын болсын. Біз бүгінгі жиналысты ерекше түрде өткізгіміз келіп тұр.

### **Аналарға арналған кеңестер**

-Балаңызбен балабақшада да, үйде де байыпты, әрі сенімді сөйлесіңіз.

-Баланы балабақшаға таңертең кім тыныштандырып қалдыра алатын болса, сол ата –ана немесе туысы әкелген жөн.

-Балада тез көніп балабақшада сенімді түрде қалатын болады.

-Балаңызға балабақшадан оны алып кететіңізді және қашан әкететініңізді анықтап айтқаныңыз дұрыс.

-Баланы балабақшаға алып келгеннен кейін, оны мен кешке дейін қоштасуда белгілі бір әдіс ойластырғаныңыз жөн. Балаңыз да, өзіңіз де сенімді боласыз.

- Балабақшаны немесе тәрбиеші апайды айтып баланы қорқытпағаныңыз абызал. Мысалы: «Егер бұзық болсаң немесе мені тыңдамасаң, балабақшаға апарып тастаймын, өзің жалғыз балабақшада қаласың немесе тәрбиеші апайына айтамын» Баланың балабақшаға немесе тәрбиеші апайға деген сенімін жоғалтып, қорқынышты мысал ретінде көрсетпей, жоғарыда айтылған сөздермен қорқытпаңыз.

-Балабақша немес онда қызымет ететін тәрбиеші педагогтар жайлы теріс пікір айтпағаныңыз дұрыс.

-Балаңызды жақсы көріп, еркелеткеніңіз дұрыс, дегенмен сізді, айналадағы адамдарды сыйлап, өрескел қылық жасамауын қадалағаныңыз дұрыс. Себебі, еркелік деп ж.ргеніңіз онын әдетіне, кейін мінезіне айналары сөзсіз.

-Баланы алдамай өз сөзіңізде тұрғаныңыз жөн.

Балаңыз үшін уайымдап, алаңдамаңыз. Балаңызды қолдап, жылы сөздеріңізді, сүйіспеншілігіңізді аямаңыз.

### **Күн тәртібі:**

1. «Достық» (танысу тренинг)

2. Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.
3. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап тағайындау.
4. Ата-аналарды балабақша өмірімен, күн тәртібі ,топ аты, ұйымдастырыған оқу іс-әрекетінің сабақ кестесі, тәрбиелік шаралар, ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспары , ата-ана міндеттері, пән жетекшілері, психологпен таныстыру.
5. «Мен қандаймын» тренинг ойыны
6. Балалардың оқу құрал-саймандарын тиянақы әкелу.
7. Балалардың киімінің талапқа сай болуы.
8. Дәптер үлгілерін көрсетіп, оны жинақтап алып келу.
9. Ата-аналар жиналысының шешімі.
10. «Алтын балық» тілегі.
11. Қорытындылау.

### **«Достық» тренингі**

Мақсаты: тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту. Ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру.

Ата-аналар орты шығып шеңбер болып дөңгеленіп тұрайық. Мына лентаны мен ұстап: аты-жөнімізді, мамандығымызды, бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіреміз. Мысалы: Менің атым:

Мен «Алтын бала» бөбекжай балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс жасаймын. Мен сізге әркез достықты болайық дегім келеді- деп лентаны қолымызға ұстап келесі ата-анамызға жалғаймыз. Жалғай-жалғай келе үлкен достық шеңбері шығады. Міне осындай үлкен достықта, лентадай берік, ажырамастай, тату, бірлікте болайық.

Ендеше Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап алайық.

Ата-аналарды балабақша өмірімен, күн тәртібі ,ұйымдастырыған оқу іс-әрекетінің сабақ кестесі, тәрбиелік шаралар, ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспары , ата-ана міндеттері, пән жетекшілері, психологпен таныстыру.

### **«Мен қандаймын?» тренинг ойыны**

Мақсаты: әр адам өзін жеке тұлға ретінде сезіну. Өзінің жанұясында өзін қай деңгейде ұстайтыны екенін анықтау.

Жүру барысы: Ата-аналар гүл, үй, күн тобы болып 3 топқа бөлінеді. Әрқайсыңыз сол суретің ішіне отбасы мүшелерін және өзіңіздің есімдеріңізді жазасыздар.

Нәтижесі: Егер өзіңіздің есімдеріңізді басына жазсаңыз. Сіз өзіңізді отбасы мүшелерінен биік санайсыз. Өзіңіздің жағдайын бірінші ретке қоясыз. Ал, егер өзіңіздің есіміңізді ортасына қойсаңыз, онда сіз отбасыңыздың ортасындасыз. Екі жақты бірге ойлайсыз. Егер есіміңізді соңына жазсаңыз. Онда сіз бауырмал жансыз. Ата-ана, бауырларыңыз

бірінші ретте тұрады. Өзіңізді соңынан ойлайды екенсіз.

Ата-аналар ендеше атқарылатын мәселелерге кезек берелік.

1. Балалардың оқу құрал-саймандарын тиянақы әкелу.
2. Балалардың киімінің талапқа сай болуы.
3. Дәптер үлгілерін көрсетіп, оны жинақтап алып келу.

Ата-аналар жиналысының шешімі.

«Алтын балық» тілегі.

Ата-аналар енді көзімізді жұмайық, ендеше ашайық міне ғажайыптар әлеміне келдік. Егер сіздердің қармаңызға Алтын балық түссе, ең, ең, ең маңызды жалғыз тілектеріңізді орындаймын десе, қандай тілек тілер едіңіз.

Қорытындылау.

Бүгінгі бас қосуымыз аяқталып келеді. Балаларымыз аман болсын. Еліміздің үлгілі азамат пен азаматшасы болсын! Келіп, көріп, қатынасқандарыңыз үшін көп-көп рахмет.

**Жедел тест**

### **Балаңыздың аты-жөні:**

#### **I жедел тест**

1. Балаңыздың ең сүйікті асы не?  
А) Жарма ботқасы Ә) Сорпа Б) Дүкендегі дайын тағамдар В) Қуырылған картоп
2. Өскенде балаңыз кім болғысы келеді?  
А) Дәрігер Ә) Әнші Б) Елбасы В) Сарбаз
3. Балабақшадағы тәрбиешілерінің есімдерін білесіз бе?

#### **II жедел тест**

1. Балаңыз отбасында «кімнің баласы?»  
А) Атасы мен әжесінің Ә) Әкесінің Б) Анасының В) Бәрінің
2. Балаңыздың ең жақсы көретін ойыншығы не?  
А) Машина Ә) Қуыршақ Б) Құрастыру ойыншығы В) Доп
3. Балаңызды қалай еркелетесіз?

#### **III жедел тест**

1. Балаңыз неден қорқады?  
А) Қараңғыдан Ә) Иттен Б) Жалғыз қалудан В) Қорықпайды
2. Балаңыз қандай мультфильмді қызығып тамашалайды?  
А) Саяхатшы Дара Ә) Том және Джерри Б) Алдар көсе В) Білмеймін
3. Бала, отбасы, ата - ана тақырыбында бірнеше мақал айтып берсеңіз?

#### **IV жедел тест**

1. Балаңыз күнделікті ұйқыға кетерде нені қалайды?  
А) Ертегі Ә) Әлди әнін Б) Арқасын сипалағанды В) Ойыншығын құшақтағанды
2. Балаңыздың ұнатпайтын тағамы не?  
А) Бұршақ сорпасы Ә) Қарақұмық ботқасы Б) Қырыққатпар сорпасы В) Сүт көже
3. Балаңызбен соңғы рет бірге жаттаған тақпағыңызды айтып беріңізші?

#### **V жедел тест**

1. Балаңыз қандай өнерге бейім?  
А) Әнге Ә) Биге Б) Сурет салуға В) Мүсіндеуге
2. Балаңыз қандай ойын ойнағанды ұнатады?  
А) Компьютерлік Ә) Тыныш ойындар Б) Қимылды ойындар В) Логикалық ойындар
3. Балаңыздың топта бірге ойнайтын жақын достарын атап бере аласыз ба?

#### **VI жедел тест**

1. Балаңыз кімді идеал тұтады?  
А) Әкесін Ә) Елбасын Б) Тәрбиешісін В) Мультфильм кейіпкерін
2. Балаңыз жана жыл ертеңгілігінде қандай кейіпкер болып киінді?  
А) Аю Ә) Күлдіргіш Б) Ноян В) Ханзада
3. Балаңыздың бойындағы қандай мінезіне көңіліңіз толады және қандай мінезінің өзгергенін қалар едіңіз?


№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

# Әжелер мектебінің жиналысы



2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы:**  
**«Бала болашағына жол ашайық»**



## **Мақсаты:**


- ◆ **Ата-аналарды ұйымшылдыққа, бірлік, татулыққа баулуға шақыру**
- ◆ **Бірігіп жұмыс жасай алу, бір-бірінің ойын тыңдауға, жағымды орта қалыптастыруға бағыттау**
- ◆ **Оқу жылы барысында белсенділік танытуға үндеу**


A decorative border of various-sized, dark grey stars surrounds the central text area. The stars are scattered along the top, bottom, and sides of the page.

**Күн тәртібінде:**

- 1.Кіріспе**
- 2.“Бес қадам” әдісі**
- 3.Топқа бөліну**
- 4.Сәлемдесу**
- 5.Тапсырмалар орындау**
- 6.Балабақша ережесі**
- 7.Қорытынды**


# Кіріспе






## Бес қадам” әдісі

(Баласының аты қай әріптен басталады, сол әріптен басталатын жақсы қасиеттерін айтып ортаға шығады)







Сәлемдесу





**Топқа бөліну**




A decorative border of various-sized, dark grey stars surrounds the central text area. The stars are scattered along the top, sides, and bottom edges of the page.

## Тапсырмалар

**I-топ: «Кімге кімнің жақындығы?»**

**II-топ : «Мені жанарымнан таны»**

**III-топ: Сергіту сәті**

A decorative border of various-sized, dark-colored stars surrounds the central text area. The stars are scattered along the top, bottom, and sides of the page, creating a festive and celebratory atmosphere.

**II-топ: «Мені жанарымнан  
таны»**

**«Көз көргенді ой таниды»  
қалай түсінесіздер?**

A decorative border of stars surrounds the text. The stars are in various shades of gray and are arranged in a somewhat irregular pattern, with some overlapping. They are placed around the perimeter of the text area, which is enclosed in a double-line rectangular border.


## **Балабақша ережесі:**

- ◆ **Сабақ кестесі**
- ◆ **Күн тәртібі**
- ◆ **Ата-ана комитетін сайлау**



**Балалардың балабақшадағы  
ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕРІНЕН  
бейнеролик**





**Сұрақ - жауап**  
**Ата-аналардың пікірі**



A decorative border of various-sized, dark-colored stars surrounds the central text box. The stars are scattered along the top, bottom, and sides of the page.

### **Қорытынды:**

**Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс.**

**Назарларыңызға рахмет!**

